# Орталық Азия мемлекеттері басшыларының 1999 жылғы 9 сәуірде Ашгабат қаласында қабылдаған шешімдерін жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 17 маусым N 914

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Орталық Азия мемлекеттері басшыларының 1999 жылғы 9 сәуірде Ашгабат қаласында қабылдаған шешімдерін жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 17 маусымдағы
N 914 қаулысымен
бекітілген

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының 1999 жылғы 9 сәуірде Ашгабат қаласында қабылдаған шешімдерін жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар
Жоспары

| Р/б N | Іс-шаралар | Орындалуына жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі, Түркіменстан Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы | Тұрақты |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Аралды құтқару халықаралық қорының және оның ұйымдарының мәртебесі туралы келісім ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету. | істер министрлігі, Қазақ. стан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі | |
| 2 | "Аралды құтқару халықаралық қорының қаражатын қалыптастыру туралы" Орталық Азия мемлекеттері басшыларының 1997 жылғы 28 ақпандағы шешімдерін орындауды қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының Аралды құтқару халықаралық қорына жыл сайынғы мүшелік жарналарын төлеу және Аралды құтқару халықаралық қоры алдындағы берешегін өтеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс әзірлеу және енгізу. | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі | Жыл сайын |
| 3 | "Арал теңізі бассейніндегі су ресурстарын және қоршаған ортаны басқарудың" аймақтық GEF жобасын іске асыруға: а) жобаны қаржыландыруға республиканың үлестік қатысуын қамтамасыз етуге; б) Арал теңізі бассейніндегі ұлттық және аймақтық су стратегиясының негізгі жағдайларын қарауға және келісуге; в) Шардара және Бөген су қоймалары бөгеттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, су бекеттерінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге; г) Арал өңірі халқына суды ұқыпты пайдалануға бағытталған қоғамдық пікірді қалыптастыруға қолдау көрсету. | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының | Тұрақты |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып | |
| 4 | Арал теңізі бассейнінің проблемаларын шешуге арналған қаржы ресурстарын тартуға донор-елдермен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен ынтымақтастықты кеңейтуде Аралды құтқару халықаралық қоры атқарушы дирекциясының филиалына қолдау көрсету. | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (шақыру), Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен бірлесе отырып. | Тұрақты |
| 5 | Суды үнемдеудің бағдарламасын әзірлеу және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізу | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері, Қазақстан Республикасының басқа да мүдделі мемлекеттік органдарымен бірлесе отырып. | 2001 жыл |
| 6 | АҚХҚ филиалы атқарушы дирекциясының сұрауы бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті материалдарды беру. | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (шақыру), Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен бірлесе отырып. | Тұрақты |

------------------------------------------------------------------------

Оқығандар:
Қасымбеков Б.А.
Орынбекова Д.Қ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК